Ұйымдастырушыға

«Өнербек Құрылыс» ЖШС Отырар ауданы әкімдігінің "Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ ұйымдастырған «№ 17114559-2 - Түркістан облысы Отырар ауданы, Отырар а/о, Арыс ауылындағы Абай, Күлтегін көшелерін (5100м) жарықтандыру және аяқжол салу» ашық конкурсының келесі лоттарына қатысқан:

1. Лот № 86620538-ОК1 - Работы по озеленению и сопутствующие к ним (Түркістан облысы Отырар ауданы, Отырар а/о, Арыс ауылындағы Абай, Күлтегін көшелерін (5100м) жарықтандыру және аяқжол).

Конкурстық комиссия шешімімен «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстың квалификациалық талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты заңсыз шеттетілген. Атап айтқанда конкурстық өтінімде материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбауына байланысты.

Конкурстық комиссияның Мемлекеттік сатып алу талаптарына қайшы шешім қабылдауымен толықтай келіспейміз.

Аталған ашық конкурсының ажырамас бөлігі болып табылатын сметалық құжаттамада көрсетілгендей, орындалатын жұмыстар Отырар ауданы елді мекендерінде аяқжол орнату жұмыстары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығының талаптарына сәйкес тротуарларды орналастыру жұмыстары – аумақты абаттандыру жұмыстарына жатады деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 72 тармағына сәйкес «құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (ағымдағы немесе орташа жөндеу, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, **абаттандыру**, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін растайды» деп көрсетілген.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС өзінің конкурстық өтінімінде Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) құжаттамаларын ұсынған. Атап айтқанда 05.12.2025 жылғы № 25039110 Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысуға берілген лицензиясы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сұраймыз:

1. «№ 17114559-2 - Түркістан облысы Отырар ауданы, Отырар а/о, Арыс ауылындағы Абай, Күлтегін көшелерін (5100м) жарықтандыру және аяқжол салу» ашық конкурсында «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін толықтай конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес деп танып қорытынды туралы хаттаманы қайта қарауды.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС директоры А.Ш.Адильбаева